



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 27 маусым

«Invest Online» жүйесі – Қазақстан Ұлттық Банкінің инвестициялауға арналған инновациялық шешімі

«Invest Online» жүйесі – Қазақстан Ұлттық Банкінің жаңа инновациялық шешімі, ол 2018 жылғы наурыздан бастап пайдалануға енгізіліп, ойдағыдай жұмыс істеуде. «Invest Online» жеке тұлғалардың ақшасын Қазақстан Ұлттық Банкінің ноттарына дербес инвестициялауына арналған қарапайым және тегін құрал.

Кез келген Қазақстандық өз ақшасын күн сайын сыйақы есептелген кіріс алуға кепілдік ала отырып, осы жүйенің көмегімен онлайн режимде көшіріп алынған мобильдік қосымша немесе жүйенің веб-сайты арқылы Қазақстан Ұлттық Банкінің ноттарына инвестициялай алады.

Қазақстан Ұлттық Банкі шығарған бағалы қағаздар (ноттар) тәуекелсіз қаржы құралдарын білдіреді, олар бойынша инвестициялардың қайтарымына Ұлттық Банк кепілдік береді, бұл қаражаттың қайтарылуы тұрғысынан алғанда клиент үшін тәуекелдердің жоқ екенін білдіреді.

Ноттарды сатып алушыларға арналған барлық операциялар транзакциялардың сомасы мен санына қарамастан мүлдем тегін. Ұлттық Банктің бағалы қағаздарына аздаған ақша сомасы (100 теңге деңгейінде) болған кезде, қандай да бір комиссиялар мен салықтарсыз инвестициялауға болады. Бұл ретте, жүйе пайдаланушылары, қажеттілік туындаған жағдайда, кепілдік берілген кірісті ала отырып және есептелген пайыздарды сақтай отырып бұрын сатып алынған ноттарды кері сату арқылы кез келген уақытта өзінің ақшасын жеңіл, тез және комиссияларсыз төлем карточкасына аудара алады.

Бүгінгі күнгі жағдай бойынша Қазақстан халқы 130 миллион теңге сомаға 1,4 миллион нот сатып алды. Бұл ретте сатып алынатын ноттар саны тұрақты түрде өсіп отыр.

«Invest Online» жүйесі тәулік бойы жұмыс істейді (аптасына 7 күн 24 сағат). Клиенттерді тәулік бойы қолдау қызметі ұйымдастырылды (Call-центр, тел. бойынша: 8-800-080-86-68, электрондық пошта бойынша: investonline@csd.kz).

Жүйеде тіркелу үшін әлеуетті клиент жүйенің Интернет-ресурсына (www.investonline.kz) кіруіне не мобильдік қосымшаны жүктеп алуына болады.

Google Play Market мобильдік қосымшасынан жүктеу үшін сілтеме: <https://play.google.com/store/apps/details?id=kz.bsb.bsbmobile.enotes>

AppStore мобильдік қосымшасынан жүктеу үшін сілтеме: <https://itunes.apple.com/kz/app/invest-online/id1232340566?mt=8>

Ұсынылып отырған инновациялық шешімнің интерфейсі түсінікті әрі ыңғайлы. Клиенттерге ыңғайлы болу үшін жүйеде тіркелудің үш тәсілі ұсынылады: Халыққа қызмет көрсету орталықтарында алынған электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану, «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-тағы жеке кабинет арқылы авторизациялау жолымен не «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ есепке алу жүйесінде ашылған қосалқы шот (егер мұндай шотты жүйенің пайдаланушысы бағалы қағаздармен операциялар үшін ашқан болса) нөмірі бойынша.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері төмендегі телефон арқылы алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz